

"Білім берудің мектепке дейінгі ұйымдарын күтіп ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 13 қаңтардағы № 13 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 25 қазандағы № 833 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 28 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6597 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылдың 18 мамырдағы № 362 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.05.18 № 362 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына және 145-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Білім берудің мектепке дейінгі ұйымдарын күтіп ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 13 қаңтардағы № 13 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 10 ақпанда № 6048 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер Бюллетенінде 2010 жылғы наурызда № 3, 370-құжат жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру е н г і з і л с і н :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Білім берудің мектепке дейінгі ұйымдарын күтіп ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесінде:

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«6. ББМДҰ-ның ойын алаңдарының көлемдері бір орынға кемінде 6 м² қ а б ы л д а н а д ы . » ;

9-тармақтағы «немесе көп пәтерлі тұрғын үйден кемінде 10 метр қашықтықта» деген сөздерден кейін «(жеке иеліктегі үйлер үшін кемінде 5 метр)» деген сөздермен толықтырылсын;

15 - т а р м а қ т а ғы :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«ББМДҰ-да көлемі кемінде 250 метр² дене шынықтыру алаңы жабдықталады

» ;

төртінші, бесінші және алтыншы бөліктер алынып тасталсын;

16-тармақтың екінші бөлігіндегі «50» деген сан «30» деген санмен ауыстырылсын ;

23-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«23. ББМДҰ-да ауданы кемінде 80 м² болатын музыка және гимнастика сабақтарына арналған зал қарастырылады.»;

29 және 62-тармақ алынып тасталсын;

83-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Жүзу бассейндерін жобалау, салу, реконструкциялау кезінде санитариялық ережелер Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6417 болып тіркелген «Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 28 шілдедегі № 555 бұйрығымен регламенттеледі.»;

89-тармақтың бірінші бөлігі алынып тасталсын;

118-тармақтағы «Білім беру ұйымдарының қызметкерлерінің типтік штатын және педагогикалық қызметкерлер лауазымдарының және оларға теңестірілген адамдар тізімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысына сәйкес» деген сөздер алынып тасталсын;

2 - қ о с ы м ш а д а :

«Медициналық үй-жайлар» бөліміндегі:

«

изоляция: қабылдау бөлмесі	2	2	2	4	6
----------------------------	---	---	---	---	---

»

деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

«

изоляция:	-	-	-	-	-
-----------	---	---	---	---	---

» ;

«Палата» жолындағы «12» деген сан «6» деген санмен ауыстырылсын;

«Қызметтік-тұрмыстық үй-жайлар» бөліміндегі:

«

шаруашылық меңгерушісінің кабинеті	-	-	-	6	6
------------------------------------	---	---	---	---	---

»

деген жол алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен тіркеуді

қ а м т а м а с ы з

е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті (Ф.Б. Бисмильдин) осы бұйрық
мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны заңнамада белгіленген тәртіппен ресми
жариялауды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы</i>
	<i>Д е н с а у л ы қ</i>	<i>с а қ т а у</i>
<i>міндетін атқарушы</i>	<i>Б. Садықов</i>	<i>министрінің</i>